



ХҒТАР 71.37.15
ҒЫЛЫМИ МАҚАЛА

DOI: <https://doi.org/10.32523/2789-4320-2024-3-386-399>

Қазақстан туризмін тұрақты дамыту кеңістігіндегі ЮНЕСКО материалдық емес мәдени мұрасы

Б.Ж. Шарапаева*¹, Н. Нұрмағанбетқызы², А.Б. Баймбетова¹

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан, Қазақстан

(E-mail: bzhanabekovna@mail.ru, nurdana.nurmaganbetkyzy@iuth.edu.kz, asel_baymbetova@mail.ru)

Аңдатпа. Қазіргі таңда тұрақты туризмді қалыптастыру мен дамытуда мәдени мұраның, оның ішінде ЮНЕСКО-ның тізіміне енгізілген материалдық емес мәдени мұраның рөлі орасан зор. Аталмыш мақалада Қазақстан туризмінің тұрақты түрде дамуына материалдық емес мәдени мұра элементтерінің әсері талданады. Сондай-ақ, ел туризмін тұрақты дамыту контекстіндегі материалдық емес мәдени мұраның әртүрлі аспектілерін, соның ішінде салт-дәстүрді, әдет-ғұрыптарды, қолөнерді, тілді, ән және би өнерін, ұлттық тағам дәстүрін қорғау және сақтау, сондай-ақ олардың туристерді тартудағы рөлі қарастырылады. Туристік әлеуетті ілгерілету және туризмнің заманауи түрлерін дамыту үшін материалдық емес мәдени мұраны сақтап, тиімді қолдану идеялары өзге елдердің тәжірибесін талдай отырып бағытталады. Қазақстанның ЮНЕСКО тізіміне енгізілген материалдық емес мәдени мұра әлеуеті мен мемлекеттік туристік индустрияны ілгерілету бағдарламаларын біріктіру арқылы туризмді дамыту жолдарына және кейбір материалдық емес мәдени мұра объектілерінің аталмыш тізімге енгізілмеу себептеріне талдау жасалынды. Осы мақсатта тақырып төңірегінде жазылған шет елдік ғалымдар мен зерттеушілердің еңбектеріне зерттеу жүргізіліп, статистикалық мәліметтерге талдау жасалынып, жүйелік тәсіл қолданылды. Нәтижесінде, ЮНЕСКО ресми мәліметтеріне сәйкес, Қазақстандағы материалдық емес мәдени мұра сақталған аймақтар толықтай сипатталып, әлі де тізімге енгізілмеген мәдени мұра элементтеріне және оның тізімге кіре алмау себептеріне бірнеше дәлелдер келтірілді. Шет елдік ғалымдардың зерттеулерін зерделей отырып, Қазақстан туризмінің тұрақты дамуы үшін материалдық емес мәдени мұраны сақтаудың маңыздылығы туралы қорытынды жасалып, жаңа идеялар мен ұсынымдар тұжырымдалды.

Кілт сөздер: Қазақстан туризмі, материалдық емес мәдени мұра, ЮНЕСКО мұрасы, туризмді тұрақты дамыту, туристік имидж.

Кіріспе

Қазіргі таңда әлем елдері бойынша туризмді дамытуда түрлі туристік ресурстар қолданылады. Туризм кез келген елдің экономикасы үшін «көрінбейтін экспорт» қызметін атқаратын маңызды сала болғандықтан, ол сарқылмайтын материалдық емес мәдени мұра арқылы дамиды және болып табылады. Қазақстан туризмін ЮНЕСКО тізіміне енгізілген материалдық және материалдық емес мәдени мұра элементтері арқылы дамытудың өзектілігі бірнеше маңызды құжаттармен айқындалады. Оның ішінде Қазақстан Республикасының туризм саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында айтылғандай, туристерді көбірек қызықтырудың бір жолы ретінде оларды мәдени ортаға тарту стратегиясына аса мән берілген. Яғни, оның ішінде материалдық және материалдық емес мәдени мұраны дамыту жолы ретінде табиғи, мәдени және этнографиялық көркем орындармен байланысты қазақ аңыздарының, ауыз әдебиетінің иллюстрациялық жинағын шығару стратегиясы ерекше аталған [1]. Тұжырымдамада көзделген туризмді дамытудың приоритетті бағыттарының бірі ретінде мәдени мұраны, оның ішінде материалдық және материалдық емес мәдени мұраны сақтау мен жаңғырту маңыздылығының көрініс табуы зерттеу тақырыбының өзектілігін айғақтайды. Дәстүр, әдет-ғұрып, қолөнер, музыка, би, тіл және мәдениеттің басқа да аспектілері сияқты материалдық емес мәдени мұра элементтері халықтың тұлғасы мен болмысын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады, сонымен қатар туризмді дамытудың маңызды ресурсы болып табылады. ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұра элементтерін Қазақстандағы туризмді дамыту бағдарламаларына енгізу бірегей мәдени дәстүрлерді сақтауға және ілгерілетуге, әртүрлі елдерден туристерді тартуға және тұрақты туристік маршруттарды құруға көмектеседі. Бұл да осы мәдени мұраны сақтап, оны басқаларға таратуда маңызды рөл атқаратын тұлғалар мекендейтін аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына септігін тигізеді. Туризмді тұрақты дамыту контекстінде ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұрасын сақтау және ілгерілету мемлекет, қоғам, жергілікті қоғамдастық және академиялық сектор тарапынан бірлескен күш-жігерді қажет ететінін атап өткен жөн. Материалдық емес мәдени мұраға негізделген туризмді дамыту үшін арнайы оқу бағдарламаларын әзірлеу, мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізу, инфрақұрылым құрудың маңыздылығы жоғары.

Осы тұрғыда зерттеу жұмысының мақсаты Қазақстандағы туризм саласының тұрақты дамуындағы ЮНЕСКО тізіміне енгізілген материалдық емес мәдени мұраның рөлін зерттей отырып, сақталған мұраны әрі қарай дамыту мен жетілдіруге ұсыныстар мен идеялар әзірлеу болып табылатынын атап өту қажет. Аталмыш мақсатқа қол жеткізу үшін бірнеше міндеттер зерттеліп, зерделенді: 1. ЮНЕСКО тізіміне енгізілген материалдық емес мәдени мұраны дамыту, жаңғырту мен сақтаудағы шет мемлекеттер тәжірибесіне шолу жасау; 2. Қазақстан туризмін тұрақты дамытудағы ЮНЕСКО тізіміне енгізілген материалдық емес мәдени мұраның рөлін зерттеу; 3. Жүргізілген зерттеулерге сәйкес, әлемдік ЮНЕСКО тізіміне енгізілген материалдық емес мәдени мұраны сақтау, дамыту және жаңғыртудың тиімді әрі жылдам стратегиялық шешімдері мен ұсынымдарын әзірлеу.

Зерттеудің объектісі – Қазақстанның ЮНЕСКО әлемдік мұра тізіміндегі материалдық емес мәдени мұра әлеуеті. Жүргізілетін зерттеулерге және қойылған міндеттерге сәйкес зерттеудің гипотезасы ретінде ЮНЕСКО тізіміне енгізілген материалдық емес мәдени мұра элементтерін Қазақстандағы туризм индустриясының дамуы үшін ұтымды пайдаланудың елдің мәдени алуантүрлілігі мен тұрақты туризмнің алға жылжуына айтарлықтай үлес қосатынын атап өтуге болады.

Әдеби шолу

Туризмнің тұрақты даму кеңістігін материалдық емес мәдени мұраны сақтау арқылы қалыптастырудың әлемдік тәжірибесіне сүйенетін болсақ, туризмді экономиканың рентабельді саласы ретінде дамытуға назар қоятын әлем елдері материалдық емес мәдени мұра әлеуетін өте ұтымды пайдаланады. Джорди Аркос-Пумарола және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде көрсетілгендей, материалдық емес мәдени мұра туризмді дамытудың негізгі кілті ретінде қызмет атқара алады. Қалалардың урбанизациясы мен туризм саласын тұрақты дамыту кеңістігінде ЮНЕСКО тізіміне енгізілген материалдық және материалдық емес мәдени мұраны сақтау арқылы қалалық туристік желілерді құрудың маңыздылығы жоғары. 2004 жылы қабылданған ЮНЕСКО-ның креативті қала желілері қоғамдық, жеке және азаматтық қоғам салаларының кооперациясы үшін ерекше маңызға ие болып табылады. Қала желілерін дамытудағы катализатор қызметін 7 түрлі типке бөлінетін материалдық және материалдық емес мәдениет элементтері қамтиды. Атап айтар болсақ, қолөнер немесе халық өнері, ұлттық дизайн, ұлттық кино өнері, ұлттық тағамдар немесе гастрономиялық туризм, әдебиет, медиа және ұлттық музыка. Туризм саласы креативті қалалардың дамуына аймақтарды дамыту мен түрлендіру арқылы үлес қосатын салаға айналды. Мысалы Бургос қаласы ұлттық тағамдардың креативті қаласы ретінде дамып, туризм саласының алға жылжуына айтарлықтай үлес қосуда. Эдинбург және Барселона қалалары «әдебиеттің қаласы» ретінде назарға алынып, аталмыш дестинациялар қалада туылған авторлардың шығармаларына негізделген туристік әдеби фестивальдер және туристік маршруттар есебінен даму үстінде [2].

Саул Лацаро Ортиз және т.б. зерттеулерінде ЮНЕСКО материалдық және материалдық емес мәдени мұрасы туристік саланы дамыту үшін 5 түрлі даму сипатына ие болады. Атап айтқанда, бұл даму стратегияларына ауыз әдебиеті, ән өнері, би өнері, орындаушылық өнер, фестивальдер мен ивент-шараларды өткізу, ұлттық тәжірибе мен білім және дәстүрлі қолөнерді дамытуды жатқызуға болады. Яғни, материалдық емес мәдени мұра осы даму қадамдарына негізделе отырып, тұрақты туризмді қалыптастыруға айтарлықтай үлес қоса алады [3]. Шкрабик Перич жүргізген зерттеулерге сәйкес, ЮНЕСКО тізіміне енгізілген мәдени мұраның туризмді тұрақты дамытуға әсері зор екендігі белгілі болды. Себебі, қазір материалдық емес мәдени мұра арқылы туризмді дамытуға назар аударатын кейбір мемлекеттерде туристік агенттіктер ЮНЕСКО мәдени мұрасы арқылы күллі мемлекеттің туристік әлеуетін шығармашылықпен дұрыс байланыстыра отырып, туристік өнімді жылжыту үшін тиімді әрекет жасай алуда.

Сондай-ақ, ЮНЕСКО материалдық емес мәдени мұрасы статистикалық тұрғыда келу туризмі мен туризм саласындағы жұмыспен қамту деңгейіне позитивті әсер етеді. Ал осы мәдени мұра арқылы туризмді тұрақты дамыту мемлекеттің қаржылай қолдауымен және тұтастай туризмнің дамуы үшін қоршаған орта жағдайларын қалыптастыру тандемімен байланысты [4].

ЮНЕСКО материалдық емес мәдени мұрасы арқылы туризмді дамыту мысалы ретінде Испаниядағы Фаллас фестивалін атауға болады. Мұнда фестиваль от мерекесі ретінде аталып өтіледі, сонымен қатар іс-шараға жергілікті суретшілер мен скульпторлар қатысады. Мұнда түрлі пиротехникалық шоулар, от шашу, шоу-концерт өткізіледі. Аталмыш фестиваль арқылы бүгінде Испанияның Валенсия қаласы туристер үшін аса танымал орталықтардың біріне айналып отыр [5].

Анд тауларында өтетін карнавал әлемнің ойын-сауық іс-шараларды ұнататын барлық туристері үшін өте танымал іс-шаралардың бірі. Карнавалда ұлттық би билеу арқылы шет елдерден келетін туристердің назарын аудару кеңінен таралған [6]. Бұл материалдық емес мәдени мұраның бір маңызды бөлшегі ретінде ұлттық би өнерінің туризм саласын тұрақты дамытудағы рөлі аса зор екендігін айғақтайды.

Туризмді тұрақты түрде дамытуда материалдық және материалдық емес мәдени мұра тандемін дамыту маңызды. Себебі, екі ұғым бір-бірін толықтыра отырып, кез келген елдің экономикасы үшін маңызды болып табылатын туризм саласын тиімді дамытуға мүмкіндік береді. Бұл мысалды ЮНЕСКО тізіміне енгізілген материалдық және материалдық емес мұраның бір элементі Италиядағы «Жүзімдіктер» мәдени ландшафтысы және «Кешірім мерекесі» жыл сайынғы іс-шарасын атауға болады. Жүзімдіктер мәдени ландшафтысы ЮНЕСКО объектілерінің тізіміне 2014 жылы енгізілген болатын. Бұл мәдени ландшафт өзінің бароло және барбареско сынды шарап жасау мәдениетімен танымал. Ландшафт территориясы 5 шарап жасау аудандарынан тұрады. Сондай-ақ, «Кешірім мерекесі» – ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұра тізіміне енгізілген Италиядағы тамыз айының соңында өткізілетін мәдени және діни іс-шара. Жыл сайын өткізіліп тұратын іс-шара 2011 жылдан бастап Италияның «салт-дәстүр мұрасы» болып есептелсе, 2019 жылдан бастап Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасы репрезентативті тізіміне енгізілген. Яғни, Италия осы мәдени ландшафтысы мен мәдени іс-шарасын бірге үйлестіре отырып дамыту арқылы туризм саласының ілгерілеуіне де жоғары деңгейде назар аударуда [7].

Материалдық емес мәдени мұраның белгілі бір мәдениет элементтеріне назар аударып және оның туризм саласына әсер ету мүмкіндігі жоғары екендігін ескерсек, Аустрияда табиғи ландшафтылар мен мәдени объектілерді «биомәдени мұра» ретінде дамыту қолға алынған. Мұнда туристік ұйымдар ежелден келе жатқан салт-дәстүрлер мен мәдени мұраны мемлекеттік және жергілікті деңгейде алға жылжытуды көздейді. Яғни, «биомәдени мұра» тек табиғи ландшафтылар мен объектілерді ғана емес, оны аумақтық деңгейде материалдық емес мәдени мұра (ауыз әдебиеті, салт-дәстүр, тіл, ән-би өнері, ұлттық тағамдар және т.б.) элементтерімен қатар дамытуға мүмкіндік береді. Ал биомәдени мұраны дамытуды қолға алу жергілікті аумақтарда туристік маусымдарда туристердің келу жиілігінің артуына әсер етеді. Себебі, мәдени пейзаж туристік көрікті

орындар ретінде қызмет атқарады. Аустрияның кейбір шарап өндіру шаруашылығымен айналысатын тұрғындары туристерге шарап алаңдарына еркін кіріп, шарап өндірудің барлық кезеңдерін тамашалауға мүмкіндік береді. Ал бұл мүмкіндік туристердің жыл сайын сол атмосфераны қайта сезіну үшін жиі келуі үшін таптырмас жол болып табылады [8].

Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында тақырып төңірегінде жазылған шет елдік ғалымдар мен зерттеушілердің еңбектеріне шолу жүргізіліп, ЮНЕСКО статистикалық мәліметтеріне талдау жасау әдістері, графикалық талдау, жалпылау мен салыстыру және жүйелік тәсіл қолданылды.

ЮНЕСКО ресми мәліметтеріне сәйкес, Қазақстандағы материалдық емес мәдени мұра сақталған аймақтар сипатталып, әлі де тізімге енгізілмеген мәдени мұра элементтеріне және оның тізімге кіре алмау себептеріне сипаттама жасалды. Зерттеудің ақпараттық базасы ретінде ҚР туристік қызмет көрсетуге арналған заңдар мен қабылданған тұжырымдамалар, ҚР Туризм және спорт министрлігі ұсынған статистикалар мен ақпараттар пайдаланылды.

Зерттеу нәтижелері және талқылау. Шет мемлекеттерде туризм саласын тұрақты дамытудың бір төте жолы ретінде ЮНЕСКО тізіміне енгізілген материалдық және материалдық емес мұраны бірдей деңгейде алға жылжыту мәселесі жолға қойылған. Сондай-ақ, сол арқылы туризмді дамыту процесі тек бір жақты ғана емес, көп жақты аспектілерде жүргізіледі. Ал Қазақстанда да ЮНЕСКО тізіміне енгізілген материалдық және материалдық емес мәдени мұра әлеуеті өте жоғары екенін, дей тұрғанмен біршама табиғи ескерткіштер мен мәдени объектілер, материалдық емес мәдени мұра элементтері тізімге енгізілмей тұрғанын ескерсек, аталмыш мәселенің шешімін табу қажеттілігі туындайды. Ең алдымен, мәселенің негізгі себептерін анықтау үшін ЮНЕСКО тізіміне енген Қазақстандағы материалдық емес мәдени мұра туралы түсінік қалыптастыру, сонымен қатар елімізде ЮНЕСКО тізіміне енгізілген материалдық емес мәдени мұра элементтері және сол элементтер көп сақталған аймақтар туралы кіріспе ақпарат алу қажет (Кесте 1):

Кесте 1. Қазақстанның ЮНЕСКО тізіміне енген материалдық емес мәдени мұрасы

№	ЮНЕСКО тізіміне енгізілген материалдық емес мәдени мұра	ЮНЕСКО тізімге енгізілген жылы	Қазақстанда сақталған және дамыған аймақтар
1	Қазақ киіз үйін дайындаудың дәстүрлі білімдері мен қабілеттері	2014	Астана, Алматы, Түркістан, Тараз, Шымкент, Қызылорда қалалары
2	Қазақ дәстүрлі өнері: Домбыра күйі	2014	Қазақстанның барлық аймақтары

3	Айтыс өнері	2015	Алматы, Астана, Түркістан, Ақтау, Қызылорда қалалары
4	Наурыз мерекесі	2016	Қазақстанның барлық аймақтары
5	Қазақ күресі	2016	Түркістан, Тараз, Алматы, Шымкент, Астана, Ақтау
6	Жеті шелпек және қатырма	2016	Қазақстанның барлық аймақтары
7	Асық ойыны	2017	Түркістан, Тараз, Шымкент, Алматы, Ақтау қалалары
8	Қазақ атбегілерінің көктемгі мерекелік рәсімдері	2018	Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Тараз
9	Қорқыт ата мұрасы: эпикалық мәдениет, халық ертегілері мен музыка.	2018	Қызылорда облысы
10	«Тоғызқұмалақ» ойыны	2020	Қазақстанның барлық аймақтары
11	Қожанасыр туралы дәстүрлі әңгімелер мен күлкілі әңгімелер	2022	Қазақстанның барлық аймақтары
12	«Ортеке» дәстүрлі орындау өнері	2022	Қазақстанның барлық аймақтары
Ескертпе: [9] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылған.			

Жоғарыдағы кестеден көріп отырғанымыздай, Қазақстан материалдық және материалдық емес мәдени мұраға бай болғанымен, оның ішінде санаулы ғана элементтер ЮНЕСКО тізіміне енгізілген [9].

Қазақстанның ұлттық құндылықтары, салт-дәстүрі, дайындалуы ерекше ұлттық тағамдары мәдени мұра әлеуетінің бай екендігін дәлелдегенімен, сол бай мұраның әлемдік мәдени мұра тізіміне әлі де болса енгізілмеуі зерттелуі тиіс түйткілді мәселелердің бірі болып табылады. Осы тұста көршілес Қырғызстан мен Өзбекстан мемлекеттерін мысал ретінде қарастыру қажеттілігі туындайды:

Кесте 2. Өзбекстан және Қырғызстан елдерінің ЮНЕСКО тізіміне енгізілген материалдық емес мәдени мұрасы

Ел	Өзбекстан	Қырғызстан
ЮНЕСКО тізіміне енген материалдық емес мәдени мұра	<ol style="list-style-type: none"> 1. Байсұн ауданы мәдениеті 2. Шашмаком стилі – ән айту мен музыкалық аспапта ойнауды біріктіретін мәдени өнер 3. Көктем мерекесінің келуімен байланысты тойланатын ежелгі мейрам – Наурыз. 4. Ферғана аңғары тұрғындарының дәстүрлі ән айту өнері – Катта ашула 5. Аския шешендік өнері 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қырғыз халқының ақындары мен жырауларының өнері 2. Ала киіз бен шырдақ – қырғыз дәстүрлі киіз кілем өндіру өнері 3. Қырғыз халқының «Манас, Семетей, Сейтек» эпикалық трилогиясы

	6. Палау тағамын әзірлеу мәдениеті 7. Маргилаң қолөнер орталығы тәжірибесі 8. Хорезм биі – лазги. 9. Миниатюра өнері. 10. Дәстүрлі әуенді ұлттық ауыз әдебиеті әңгімелерімен үндестіріп айту – Бахши өнері 11. Мата өндіру үшін дәстүрлі жібек өндірісі 12. Қожанасыр туралы күлкілі дәстүрлі әңгімелер 13. Жарықтандыру өнері - тазхиб. 14. Ифтар және оның әлеуметтік-мәдени дәстүрлері 15. Ұлттық керамика өнері	4. Қырғыз киіз үйлерін дайындау өнері 5. Айтыс өнері 6. Наурыз мерекесі 7. Шелпек әзірлеу және нан тарату мәдениеті 8. Ақ қалпақ шеберлігі – қырғыз халқының ер адамдарға арналған бас киім кию мен дайындаудың дәстүрлі білімдері. 9. Тоғуз корголл дәстүрлі зияткерлік және стратегиялық ойыны 10. Сұңқар аулау өнері 11. Көшпелілер ойындары: мәдени мұра мен алуантүрлілікті жаңарту 12.. Әпенді туралы күлкілі және дәстүрлі әңгімелер 13. Акушерлік іс: білімдер мен тәжірибе 14. Әлечек – қырғыз әйелдер бас киімі.
Ескертпе: [10] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылған.		

Кестеде көрсетілгендей, Қазақстанға көршілес мемлекеттер Өзбекстан мен Қырғызстанда ұлттық мәдениеті, тарихы, дәстүрлі ән және би өнері, ауыз әдебиеті, киім мәдениетінің ЮНЕСКО мәдени мұрасы тізіміне енгізілгенін көруге болады [10]. Ал осы іспеттес мәдени әлеует біздің елімізде де болғанымен, оның кейбірі әлі тізімге енгізілмеген (Алдар Көсе әңгімелері, кимешек кию, қара жорға биі және т.б.).

Бүкіләлемдік экономикалық форумның саяхат пен туризмнің бәсекеге қабілеттілік көрсеткішінің жаһандық индексында (2021) Қазақстан 117 мемлекеттің ішінде 66-орынға тұрақтады. Ал бұл нәтиже тиісінше 2019 жылы 80-орын болған еді. Оның ішінде, материалдық және материалдық емес мәдени мұра әлеуеті бойынша бөлім бойынша көрсеткіштер бар (Сурет-1):



Сурет 1. БЭФ жаһандық индексі Қазақстанның ЮНЕСКО мәдени мұрасы көрсеткіштері бойынша алған орны, 2021 жыл

Ескертпе: [11] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылған.

Жоғарыдағы суретте көріп отырғанымыздай, Қазақстандағы туризмді дамытудың жоғары әлеуеті келесі рейтингтік көрсеткіштерден де көрінеді:

- туристік еңбек нарығының субиндексінде - 59-орында;
- мәдени ресурстар көрсеткіші жөнінен – 63-орын;
- ЮНЕСКО тізіміне енген мәдени мұра объектілерінің саны бойынша - 42-орын;
- халықаралық саяхаттардың маусымдылығы (26-орын);
- шетелдік туристердің болу уақытының ұзақтығы (52-орын);
- мәдени орындарға қызығушылық деңгейі бойынша (37-орын) [11].

ЮНЕСКО тізіміне енгізілген материалдық және материалдық емес мәдени мұра элементтерін еліміздегі туризмді дамытуға әсері жоғары екендігін қалай бағалауға болады? 2023 жылы қазан айында Қазақстан 2023-2027 жылдарға ЮНЕСКО бүкіләлемдік мұрасының комитетіне таңдалып алынды. Аталмыш шешім Әлемдік мәдени және табиғи мұраны қорғау жөніндегі Конвенция тараптарының – мемлекеттердің Бас Ассамблеясының 24-сессиясында қабылданған болатын. Қазақстанмен бірге комитет құрамына Вьетнам, Корея, Республикасы, Ливан, Кения, Сенегал, Түркия, Украина және Ямайка кірген болатын. Комитет құрам-мемлекеттері әлемдік мұра тізіміне табиғи және мәдени объектілерді енгізумен, мәдени мұралардың хал-ахуалын сақтау мен дамытуға мемлекеттің қолдауын бағалаумен айналысады. Жалпы ЮНЕСКО әлемдік мұра тізіміне Қазақстан аумағының бірқатар материалдық мәдени мұрасы енгізілген болатын. Олар: Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Тамғалы петроглифтері, Сарыарқа даласы, Тянь-Шань Жібек Жолы дәлізінің Чанъань маршрут желісі және Тұран жазығы.



Сурет 2. 2023 жыл бойынша Орталық Азиядағы ЮНЕСКО мәдени мұра тізімі
Ескертпе: [12] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылған.

2023 жылы ЮНЕСКО мәдени мұралар тізімі Орталық Азиядағы бірнеше атаулармен толықты. Бұл Қазақстан туризмінің дамуына үлкен серпіліс берді [12]. Дегенмен осындай бай мәдени әлеуетті дұрыс игере алмаудың да өзіндік себептері бар. Осы себептердің болу мүмкіндіктері деңгейін анықтау мақсатында ЮНЕСКО Алматы облыстық мәдениет бөлімінің маманы Юрий Пешковтан Азаттық арнасының алған сұхбаты зерттелген болатын. Сұхбат барысында айтылғандай, жалпы ЮНЕСКО тізіміне мәдени мұраның енуі қиын процесс болғандықтан, көп уақыт алатыны белгілі болды. Ең бірінші, мемлекет номинациялық құжаттарын ұсынған соң, ЮНЕСКО құжаттардың талаптарға сәйкестігін (объектінің картада орналасуы, барлық бөлімдердің дұрыс толтырылуы, иллюстративті материалдардың жүктелуі және т.б.) тексереді. Осы кезеңнен өткен номинациялар сарапшылар қауымдастығының бағалауына өтеді. Әрі қарай, эксперттер ұсынылып отырған объектіні көру үшін объект орнына келеді. Яғни, ұсынылып қойған мәдени мұра элементінің даму ахуалын тексеруге эксперттердің келу уақыты тым ұзақ уақытты қамтиды. Уақыт кемінде 6 айдан бір жыл және одан да көп уақытқа созылуы мүмкін. Яғни, ұсынылған объектінің ұзақ уақыт шеңберінде бірінші кезеңнен-ақ қабылдануы үшін барлық құжаттамалары толыққанды дұрыс болуын қадағалау маңызды. Алайда, кейбір туристік объектілердің сипаттамаларындағы сәйкессіздіктер объектінің тізімге енгізілу уақытын едәуір кешеуілдетеді. Ал ЮНЕСКО тізіміне мәдени мұраның енгізілуі мемлекет үшін маңызды туристік имидж бен портретті қалыптастырады. Көптеген туристік агенттіктер және туристер туристік сапарды таңдау барысында сол елде міндетті түрде әлеммен мойындалған, тізімге енгізілген ескерткіштердің болуына

басым назар аударады. Ал мәдени мұра әлеуетіне бай Қазақстан үшін ЮНЕСКО тізіміне енгізілген элементтердің мол болуы айтарлықтай маңызды рөл атқарады.

Жоғарыда зерттеліп өткен кейбір мәселелерге байланысты, бірнеше ұсыныстар тізбегін атап өтуге болады. Оның ішінде, ең бірінші мемлекет тарапынан қолдаудың болуы маңызды рөл атқарады. Яғни, мәдени мұра ресурстары жөнінен басқарушы органдардың жүйелі түрде жұмыс жасауын қамтамасыз ету, Қазақстан өңірлері бойынша бөлімдердің қызметіне ортақ жүйе енгізу маңызды болып саналады.

ЮНЕСКО тізіміне енгізілмеген, бірақ туристердің назарын аударуға лайықты бірнеше ерекше мәдениет элементтеріне шолу жасасақ:

- Бесбармақ – қазақтың ұлттық ет тағамы. Қазақ халқының ұлт ретіндегі негізгі ерекшелігін айғақтайтын, айрықша әзірлену жолына ие дәстүрлі тағамы болғандықтан, келген туристердің назарын аударатын мәдени мұра элементі бола алады.

- Бауырсақ, жент, құрт, ірімшік – әзірлену технологиясының ерекшелігімен көзге түсетін ұлттық тағамдардың бірі. Қазіргі таңда әлем бойынша гастрономиялық бағыттағы туристердің саны артуына байланысты, дәстүрлі тағамдарды паш ету арқылы туризмді тұрақты түрде дамыту кеңінен дамып келе жатқан тенденция болып табылады.

- Сәукеле – тұрмысқа шықпаған қыз балаға арналған бас киім. Көршілес мемлекет Қырғызстанда әйелдердің ұлттық бас киімінің ЮНЕСКО тізіміне енуі секілді қазақ қыздарының ұлттық бас киімі де әлемдік мәдени мұра қатарына еруге лайықты.

- Алдар Көсе хикаялары – түркі тілдес халықтарға ортақ ауыз әдебиетінің бірі болып табылады. Бұл Алдар Көсе туралы аңыз әңгімелердің ежелден келе жатқан әлеуметтік мағынасын көрсетеді. Сондай-ақ, Алдар Көсе бейнесі қазақтың театр және кино өнері туындыларында да көрініс тапқан. Ауыздан ауызға таралып, осы күнге дейін сақталып келе жатқан мұра болғандықтан, Алдар көсе әңгімелері әлемдік мұралар қатарынан көрініс табуға әбден лайықты.

Қорытынды

ЮНЕСКО тізіміне Қазақстанның ұлттық мәдениетін айшықтайтын ерекше ұлттық киімдерді, тағамдарды, салт-дәстүрлер мен ауыз әдебиетін, би және ән өнері, т.б. дәстүрлі колориттегі мәдени әлеуетінің енгізілуі елдің ұлт және мемлекет ретіндегі ерекшелігін сақтап қалуға, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге, сонымен қатар күллі әлемге ұлттық брендті танытуға зор мүмкіндіктер береді. Сондай-ақ, ЮНЕСКО тізіміне енген материалдық және материалдық емес мұра Қазақстанның әлемнің түкпір-түкпірінен келетін туристердің алдындағы имиджін айғақтайды. Себебі, кез келген турист бір елге саяхатқа шығар алдында, сол елдің ЮНЕСКО мәдени мұрасы тізіміне енгізілген туристік әлеуетіне назар аударады, сол тізімдегі әрбір ұлттың өзіне ғана тән ерекше ұлттық тағамымен, киімімен және т.б. байлықтарымен танысқысы келеді. Ал бұл ретте кез келген елдің әлемдік туризм аренасындағы танымалдылығын қалыптастыру үшін, маңызды тізімге енген мәдени мұра элементтерінің рөлі маңызды болып табылады. Сол себепті де зерттелген түйткілді мәселелердің шешімі табылып, аталған ұсыныстар тізбегінің орындалуы Қазақстан туризмінің біршама деңгейде дамуына жол ашары сөзсіз.

Алғыс айту, мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі.

Мақала авторлары мақала жазылу барасында өз үлестерін толықтай қосты. Авторлар: **Шарапаева Б.Ж., Нұрмағанбетқызы Н.** шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеулеріне әдеби шолу жасап, мақаланың тұтастай жазылуына үлестерін қосып, материалды жинақтап, оларды сараптап және зерттеулер жүргізе отырып, мақаланың мәселесін анықтап, оларды шешу жолдарын ұсынып, статистикалық талдау жүргізе білді.

Автор **Баймбетова А.Б.** мақаланың толыққанды тұжырымдамасын, қорытындысын, жүйелілігін, мақаланың рәсімделу дизайнын, мақалаға жалпы жетекшілік жасаушы ретінде оның барлық аспектілеріне жауаптылығын көрсете отырып, мақаланы жариялау үшін соңғы нұсқасын сүзгіден өткізіп, бекітуге өз үлесін қосты.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы [Электронды қор]. – 2023. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262> (кіру күні: 23.02.2024)
2. Arcos-Pumarola J., Paquin A. G., Sitges M. H. The use of intangible heritage and creative industries as a tourism asset in the UNESCO creative cities network //Heliyon. – 2023. – Т. 9. – №1
3. Lazaro Ortiz S., Jimenez de Madariaga C. The UNESCO convention for the safeguarding of the intangible cultural heritage: a critical analysis //International Journal of Cultural Policy. – 2022. – Т. 28. – №. 3. – С. 327-341
4. Škrabić Perić B. et al. The role of unesco cultural heritage and cultural sector in tourism development: The case of EU countries //Sustainability. – 2021. – Т. 13. – №. 10. – С. 5473.
5. Santamarina B. The Global Competition of the Intangible. UNESCO as a Producer of Heritage Brands //Heritage & Society. – 2023. – Т. 16. – №. 3. – С. 251-270
6. Eichler J. Intangible cultural heritage, inequalities and participation: who decides on heritage? // The International Journal of Human Rights. – 2021. – Т. 25. – №. 5. – С. 793-814
7. Elena S., Antonio P. UNESCO's tangible and intangible cultural heritage: Sustainable development perspectives //Правоведение. – 2020. – Т. 64. – №. 1. – С. 47-56
8. Katelieva M., Muhar A., Penker M. Nature-related knowledge as intangible cultural heritage: Safeguarding and tourism utilisation in Austria //Journal of Tourism and Cultural Change. – 2020. – Т. 18. – №. 6. – С. 673-689
9. Нематериальное культурное наследие ЮНЕСКО в Казахстане [Электронды ресурс] – URL: <https://www.advantour.com/rus/kazakhstan/culture/intangible-cultural-heritage-unesco.htm> (кіру күні 18.03.2024)
10. Нематериальное культурное наследие ЮНЕСКО в Кыргызстане [Электронды ресурс] – URL: <https://www.advantour.com/rus/kyrgyzstan/culture/intangible-cultural-heritage-unesco.htm> (кіру күні 28.03.2024)
11. UNESCO in Kazakhstan [Электронды қор]. – URL: <https://www.unesco.org/ru/countries/kz> (кіру күні 28.03.2024)

12. Қазақстан избран в Комитет всемирного наследия ЮНЕСКО [Электронды ресурс] – URL: https://forbes.kz/articles/kazahstan_izbran_v_komitet_vsemirnogo_naslediya_yunesko (кіру күні 04.04.2024)

Б.Ж. Шарапаева*¹, Н. Нурмаганбетқызы², А.Б. Баймбетова¹

¹Евразийский Национальный Университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

²Международный университет туризма и гостеприимства, Туркестан, Казахстан

Нематериальное культурное наследие ЮНЕСКО в пространстве устойчивого развития казахстанского туризма

Аннотация. В настоящее время в формировании и развитии устойчивого туризма велика роль культурного наследия, в том числе нематериального культурного наследия, внесенного в список ЮНЕСКО. В данной статье анализируется влияние элементов нематериального культурного наследия на устойчивое развитие туризма Казахстана. Также рассматриваются различные аспекты нематериального культурного наследия в контексте устойчивого развития туризма страны, включая защиту и сохранение традиций, обычаев, ремесел, языка, певческого и танцевального искусства, национальных кулинарных традиций, а также их роль в привлечении туристов. Рассматриваются идеи сохранения и эффективного использования нематериального культурного наследия для продвижения туристского потенциала и развития современных видов туризма с анализом опыта других стран. Проводится анализ развития туризма путем объединения потенциала нематериального культурного наследия Казахстана, включенного в список ЮНЕСКО, и программ продвижения государственной туристской индустрии, а также причин, по которым некоторые объекты нематериального культурного наследия не включены в данный список. С этой целью были изучены труды зарубежных ученых и исследователей, написанные по теме, проанализированы статистические данные и применен системный подход. В результате, согласно официальным данным ЮНЕСКО, территории сохранения нематериального культурного наследия в Казахстане были полностью описаны, а также представлен ряд аргументов в пользу элементов культурного наследия, которые до сих пор не включены в список и причин, по которым оно не было включено в список. Изучив исследования зарубежных ученых, был сделан вывод о важности сохранения нематериального культурного наследия для устойчивого развития туризма Казахстана, а также выработаны новые идеи и рекомендации.

Ключевые слова: туризм Казахстана, нематериальное культурное наследие, наследие ЮНЕСКО, устойчивое развитие туризма, туристический имидж.

B.Zh. Sharapaeva*¹, N. Nurmaganbetkyzy², A.B. Baimbetova¹

¹*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

²*International University of Tourism and Hospitality, Turkestan, Kazakhstan*

UNESCO intangible cultural heritage in the space of sustainable development of tourism in Kazakhstan

Abstract. Currently, the role of cultural heritage, including intangible cultural heritage included in the UNESCO list, is important in the formation and development of sustainable tourism. This article analyzes the impact of elements of intangible cultural heritage on the sustainable development of tourism in Kazakhstan. Various aspects of intangible cultural heritage are also considered in the context of the sustainable development of tourism in the country, including the protection and preservation of traditions, customs, crafts, language, singing and dancing arts, national culinary traditions, as well as their role in attracting tourists. The ideas of preservation and effective use of intangible cultural heritage for the promotion of tourism potential and the development of modern types of tourism with the analysis of the experience of other countries are considered. The analysis of tourism development is carried out by combining the potential of the intangible cultural heritage of Kazakhstan, included in the UNESCO list, and programs to promote the state tourism industry, as well as the reasons why some objects of intangible cultural heritage are not included in this list. For this purpose, the works of foreign scientists and researchers written on the topic were studied, statistical data were analyzed and a systematic approach was applied. As a result, according to official UNESCO data, the territories for the preservation of intangible cultural heritage in Kazakhstan have been fully described, as well as a number of arguments in favor of elements of cultural heritage that have not yet been included in the list and the reasons why it has not been included in the list. Having studied the research of foreign scientists, it was concluded that it is important to preserve the intangible cultural heritage for the sustainable development of tourism in Kazakhstan, and new ideas and recommendations were developed.

Key words: tourism in Kazakhstan, intangible cultural heritage, UNESCO heritage, sustainable tourism development, tourist image.

References

1. Qazaqstan Respublikasynyng turistik salasyn damytudyng 2023 – 2029 zhyldarga arналған tuzhyrymdamasy [The concept of development of the tourism industry of the Republic of Kazakhstan for 2023-2029]. – 2023. – Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262> [in Kazakh] (Accessed: 23.02.2024).
2. Arcos-Pumarola J., Paquin A. G., Sitges M. H. The use of intangible heritage and creative industries as a tourism asset in the UNESCO creative cities network // *Heliyon*. – 2023. – Vol. 9. – No. 1.
3. Lazaro Ortiz S., Jimenez de Madariaga C. The UNESCO convention for the safeguarding of the intangible cultural heritage: a critical analysis // *International Journal of Cultural Policy*. – 2022. – Vol. 28. – No. 3. – P. 327-341.
4. Škrabić Perić B. et al. The role of UNESCO cultural heritage and cultural sector in tourism development: The case of EU countries // *Sustainability*. – 2021. – Vol. 13. – No. 10. – P. 5473.
5. Santamarina B. The Global Competition of the Intangible. UNESCO as a Producer of Heritage Brands // *Heritage & Society*. – 2023. – Vol. 16. – No. 3. – P. 251-270.
6. Eichler J. Intangible cultural heritage, inequalities and participation: who decides on heritage? // *The International Journal of Human Rights*. – 2021. – Vol. 25. – No. 5. – P. 793-814.

7. Elena S., Antonio P. UNESCO's tangible and intangible cultural heritage: Sustainable development perspectives // Law science. – 2020. – Vol. 64. – No. 1. – P. 47-56.

8. Katelieva M., Muhar A., Penker M. Nature-related knowledge as intangible cultural heritage: Safeguarding and tourism utilisation in Austria // Journal of Tourism and Cultural Change. – 2020. – Vol. 18. – No. 6. – P. 673-689.

9. Nematerial'noe kul'turnoe nasledie JUNESKO v Kazahstane [UNESCO Intangible Cultural Heritage in Kazakhstan]. Available at: <https://www.advantour.com/rus/kazakhstan/culture/intangible-cultural-heritage-unesco.htm> [in Russian] (Accessed 18.03.2024)

10. Nematerial'noe kul'turnoe nasledie JUNESKO v Kyrgyzstane [UNESCO Intangible Cultural Heritage in Kyrgyzstan]. – Available at: <https://www.advantour.com/rus/kyrgyzstan/culture/intangible-cultural-heritage-unesco.htm> [in Russian] (Accessed 28.03.2024)

11. UNESCO in Kazakhstan [Electronic resource]. – Available at: <https://www.unesco.org/ru/countries/kz> (Accessed 28.03.2024)

12. Kazakhstan izbran v Komitet vseмирnogo nasledija JuNESKO [Kazakhstan elected to the UNESCO World Heritage Committee]. – Available at: https://forbes.kz/articles/kazakhstan_izbran_v_komitet_vseмирnogo_naslediya_yunesko [in Russian] (Accessed 04.04.2024)

Авторлар туралы мәлімет:

Шарапаева Б.Ж. – хат-хабар авторы, докторант, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев көшесі, 2, Астана, Қазақстан.

Нұрмағанбетқызы Н. – «Туризм» мектебінің магистр-оқытушысы, Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Рәбиға Сұлтан Бегім к., 14Б, Түркістан, Қазақстан

Баймбетова А.Б. – э.ғ.к., профессор м.а., Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев көшесі, 2, Астана, Қазақстан.

Шарапаева Б. Ж. – автор-корреспондент, докторант, Евразийский Национальный Университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Сатбаева, 2, Астана, Казахстан.

Нурмаганбетқызы Н. – магистр-преподаватель школы «Туризма», Международный университет туризма и гостеприимства, ул. Рабии Султан Бегим, 14Б, Туркестан, Казахстан.

Баймбетова А.Б. – к.э.н., и.о. профессора, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Сатбаева, 2, Астана, Казахстан.

Sharapayeva B.Zh. – The main author, doctoral student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satbayev str., 2, Astana, Kazakhstan.

Nurmaganbetkyzy N. – Master teacher of the School of Tourism, International University of Tourism and Hospitality, Turkestan, Kazakhstan.

Baimbetova A.B. – Acting Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satbayev str., 2, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).